

6. Красноперова М.А. Основы сравнительного статистического анализа ритмики прозы и стиха: Учеб. пособие. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2004. 152 с.
7. Казарцев Е.В. Ритмика случайных четырехстопных ямбов в прозе поэта // Вестник С.-Петербургского университета. Серия 2. История, языкознание, литературоведение. СПб.: 1998. С. 53-61.
8. Холшевников В.Е. «Случайные» четырехстопные ямбы в русской прозе // Русское стихосложение. Традиции и проблемы развития: Сб. науч. тр. – М.: Наука, 1985. С. 134-142.

References

1. Zhirmunskiy V.M. Teoriya stikha. L. 1975.
2. Kolmogorov A.N. Trudy po stikhovedeniyu / Red.-sost. A. V. Prokhorov. – M. 2015. 256 s.
3. Krasnoperova M.A. K voprosu o raspredelenii ritmicheskikh slov i sluchaynykh yambov v khudozhestvennoy proze // Russkiy stikh. – M. 1996. S. 163-181.
4. Gasparov M.L. Ocherk istorii russkogo stikha. Metrika. Ritmika. Rifma. Strofika / Red. L.I. Timofeyev. M.: «Fortuna Limited». – 2000. – 352 s.
5. Taranovskiy K. O poezii i poetike / Sost. M. L. Gasparov. – M.: Yazyki russkoy kultury. 2000. – 432 s.
6. Krasnoperova M.A. Osnovy sravnitel'nogo statisticheskogo analiza ritmiki prozy i stikha: Ucheb. posobiye. SPb.: Izd-vo S.-Peterb. un-ta. 2004. 152 s.
7. Kazartsev E.V. Ritmika sluchaynykh chetyrehstopynykh yambov v proze poeta // Vestnik S.-Peterburgskogo universiteta. Seriya 2. Istoriya. yazykoznaniiye. literaturovedeniye. SPb: 1998. S. 53-61.
8. Kholshchikov V.E. «Sluchaynyye» chetyrehstopynyye yamby v russkoy proze // Russkoye stikhoslozheniye. Traditsii i problemy razvitiya: Sb. nauch. tr. –M.: Nauka. 1985. S. 134-142.

МРНТИ 18.45.01

10.51889/1728-7804.2023.14.1.013

Ғ.А. Сәт¹

¹Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Алматы, Қазақстан E-mail: aggafon@bk.ru

КӨРКЕМСӨЗ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ САХНАЛЫҚ ТІЛ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Сахна тілі мектебінің негізгі салалары өз алдына жеке-жеке зерттейтін ғылым саласы. Ал осы мақаланың басты ерекшелігі, жаңалығы – көркемсөз оқу шеберлерінің сахналық тіл айқындылығының негізі – дикция, дем, дауыс, орфоэпия мәселелері көтеріліп, көркем мәтіндегі сахналық тілдің даму үдерістері талқыланып, ғылыми негізде дәлелдермен пайымдап, көркемсөз өнерін өркендету жолындағы ғылыми жұмыстарға тереңірек тоқталып, толыққанды сараптама жүргізу.

Біздің мақсатымыз – кәсіби маман-педагогтар салған шығармашылық сара жолды заманауи үлгіде одан әрі дамыту, жетілдіру болмақ. Бұл мақала бүгінгі егемен еліміздің өмірінде жүріп жатқан мәдени, әлеуметтік өзгерістермен тығыз байланысты. Үнемі даму мен жаңару үстіндегі қоғам, өнердің әр алуан салаларын зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелерді алға шығарады. Бүгінгі таңда қазақ сахна тілі мектебіндегі көркемсөз шеберлігінің қалыптасуы мен дамуы – ғылыми тұрғыда жүйеленіп, зерттеліп, саралауды қажетсінеді. Демек, сахна тілі саласындағы көркемсөзді оқуды жетік меңгеру жолының техникасын, идеясымен бірге, теориялық-практикалық зерттеу жұмысын биік дәрежеге

жеткізу бұл мақаланың өзектілігі деп білеміз. Қазақ сөз өнерінің тарихын зерттеп, оның жай-күйіне сын-пікір айтып, ғылым тілінде оған зерттеу жұмысын жүргізетін кәсіби сала – сахна тілі мектебі. Соның ішінде көркемсөз өнері – бүгінгі күнде күрделі әрі сан салалы өнердің түрі.

Түйін сөздер: көркемсөз шебері, дем, сөз қасиеті, идея, елестету, сөз астары, дауыс, ой-өріс, сөзге жан бітіру.

Г.А. Сам¹

*¹Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
Алматы, Казахстан E-mail: aggafon@bk.ru*

ВЫРАЗИТЕЛЬНОСТЬ СЦЕНИЧЕСКОГО ЯЗЫКА МАСТЕРОВ ХУДОЖЕСТВЕННОГО СЛОВА

Аннотация

Основные отрасли школы сценического языка – это самостоятельная область науки. А главная особенность, новизна данной статьи заключается в том, что на основе ясности сценического языка мастеров художественного чтения поднимаются вопросы дикции, дыхания, голоса, орфоэпии, обсуждаются процессы развития сценического языка в художественном тексте, аргументировано рассуждаются на научной основе, углубляются в научные работы по развитию художественного слова, проводят полноценную экспертизу.

Наша цель – дальнейшее развитие, совершенствование творческого пути, проложенного профессионалами-педагогами, в современном стиле. Эта статья неразрывно связана с культурными, социальными изменениями, происходящими в жизни сегодняшней суверенной страны. Общество, постоянно развивающееся и обновляющееся, выдвигает сложные проблемы, требующие изучения различных сфер искусства. Сегодня становление и развитие художественного мастерства в казахской школе сценического языка требует научной систематизации, изучения и дифференциации. Отсюда следует, что актуальностью данной статьи является доведение до высшей степени теоретико – практической исследовательской работы, наряду с идеей, техники пути к совершенному овладению чтением художественного слова в области сценического языка. Школа сценического языка-профессиональная область, изучающая историю казахского словесного искусства, критикующая его состояние и проводящая исследовательскую работу на языке науки. В том числе художественное искусство – это сегодня сложный и многогранный вид искусства.

Ключевые слова: мастер художественного слова, дыхание, свойство слов, идея, воображение, полутона, голос, мысль, подтекст.

Sat G¹.

*¹Kazakh National Academy of Arts by named Temirbek Zhurgenov
Almaty, Kazakhstan E-mail: aggafon@bk.ru*

STAGE LANGUAGE CLARITY OF ART MASTERS

Abstract

The main branches of the school of stage language are in themselves a branch of science that is studied individually. The main feature and novelty of this article is that the Masters of artistic reading raise the issues of the basis of the clarity of the stage language – diction, breath, voice, orthoepy, discuss the processes of development of the stage language in the artistic text, argue with arguments on a scientific basis, delve into scientific work on the development of artistic art, conduct a full – fledged examination.

Our goal is to further develop and improve the creative path laid by professional teachers in a modern way. This article is closely related to the cultural and social changes taking place in the life of our sovereign country today. A society in constant development and renewal brings to the fore complex problems that require the study of various branches of art. Today, the formation and development of artistic speech skills in the Kazakh School of the stage language requires a scientific systematization, study and differentiation. Therefore, the relevance of this article is to bring to a high level theoretical and practical research work, along with the idea of the technique of mastering the art reading in the field of stage language. A professional field that studies the history of Kazakh speech art, criticizes its state, conducts research on it in the language of Science-the school of stage language. In particular, art is a complex and diverse art form today.

Key words: master of art, breath, quality of words, idea, imagination, undertones, voice, thought, subtext.

Кіріспе. Білімділік, руханилық, мәдениеттілік және басқа да қасиеттерді адам сөйлеген сөзінен-ақ байқаса болады. Дана қазақ халқы «мәнді сөзді мәнді дыбыс құлпыртады» – деп бекер айтпаған шамасы. Адам үшін сөйлей білу – бұл ең керемет қасиет, ең ғажайып құбылыс, оның өзіне тән белгілі бір даму жолы бар және адам өмірінде маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Ал сөйлейтін сөзді туғызу процесі оңай жолмен жасалмайды, ол ең жетілдірілген механизмнен асып түспесе, кем түспейді. Сонымен қатар, адам мәдениетінің қалыптасу негізінің өзі де – сөз болып табылады. Тіпті, жүрек сезімін шертіп, қуанышта да, қайғыда да тебіреніске түсіре алады. Оның көркемдік қуаты мен саздылық сипаты сахна тілі саласында айрықша орын алады.

Сөздің қасиеті мен құдіретін терең түсіндіріп, ұғындырып, жүректен жүрекке жеткізіп оқытатын пәннің бірі және де бірегейі – сахна тілі болып табылады. Сахна тілі әдемі, таза, анық, шешен, шебер, мәдениетті сөйлеуге үйретеді, дұрыс деммен дыбыстауға, әуезді, жұмсақ, тартымды дауыспен сөйлеуге, сөздің аяғын жеп қоймауға, жақтың ашылуына көмектесетін пән.

Сахна тілі – сөз өнері саласын зерттейтін іргелі мектеп. Сахна тілі саласының іргелі арнасы – тұлғатану болып табылады.

Қазіргі таңда сахна тілі мектебі жаңа заман талаптарына сай теориялық жүйеге негізделген саланың қалыптасуы мен дамуын ғылыми тұрғыда қарастырып, жаңа саланың күрделі міндеттерін шешуге бағытталып жатыр. Сахна тілі саласының ғылым ретінде дамуындағы көкейкесті маңызды мәселесінің бірі – сахна тілі мектебіндегі көркемсөз өнерінің кәсіби маңыздылығын арттыру.

Өнердің қай түрі болмасын арнайы мектепсіз аяғынан тұруы мүмкін емес. Сондықтан, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Сахна тілі» кафедрасы да сахна тілі мектебі, сөз өнері мен тіл мәдениетін дамыту жолында өлшеусіз қызмет етіп, еліміздің мәдениетіне аянбай үлес қосуда.

Әдістеме. Н.Назарбаев: «Әр ұрпақ тарихты қайта жазып шығады – деген сөз бар. Бәлкім, ол ақиқаттан онша алыс кете қоймайтын тұжырым шығар» – деп жазды «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында [1, 3 б]. Осы мәселелерді ескере отырып, мақаламыздың барысында «Сахна тілі» мектебіндегі көркемсөз өнеріне байланысты жазылған еңбектерге шолу жасай отырып, Д.Т.Тұранқұлова, М.С.Омарбаева, М.Н.Әбзелбаев сынды ірі сөз мамандарының ғылыми еңбектеріне сараптама жасап, қорытынды шығардық.

Нәтижелер. Қазақ сөз өнерінің тарихын зерттеп, оның жай-күйіне сын-пікір айтып, ғылым тілінде оған зерттеу жұмысын жүргізетін кәсіби сала – сахна тілі мектебі. Соның ішінде көркемсөз өнері – бүгінгі күнде күрделі әрі сан салалы өнердің түрі. Ғылыми-зерттеу жұмысының басты мақсаты сахна тілі жүйесіндегі көркемсөзге үйретудің теориялық-практикалық негіздерін толықтыру. Осы мақсатқа жету үшін төменгі міндеттерді қойдық:

Отандық сахна тілі мектебінің теориясына үлес қосқан мамандардың ғылыми еңбектерінің ғылыми жаңалықтары мен теориялық сипатын, ерекшеліктерін анықтау; сахна тілі мектебіндегі кәсіби мамандардың көркемсөзге орай жазған еңбектерін сараптау; сахна тілі мектебінің ірі мамандарының (қазақ, орыс) теориялық жұмыстарының сипатына тоқталу; көркемсөз оқушының сахналық тілдегі дем, дауыс, дикцияның орны мен маңызын теориялық тұрғыда талдап, тіл өнерінің бастауы – орфоэпияның маңызын айқындау; көркемсөз оқушының сахналық дауысын тәрбиелеуге көркем мәтіндерді оқу және мәтінді жалпы талдау негіздері мен тиімді тәсілдерін айқындау.

Д.Т.Тұранкұлқызы «Көркемсөз оқушының жауапкершілігі мен ынта-жігері актерге қарағанда көп әрі кең» [2, 160 б.] – деп, бұл сөзімен көркемсөз оқушыны жоғары бағалаған. Шындығына келгенде, көркемсөз оқушы актерлерге қарағанда ұсынылған тосын жағдайға сай грим, костюм тіпті жарық пен музыка көмегінсіз жалғыз өзі сахнаға шығып өнер көрсете алады. Осы арада К.С.Станиславскийдің сөзін еске түсірсек: «Театрға келген үлкен топтың алдында бүкіл спектакль бойы қозғалыссыз, бір ғана бағытта отыру құқығын міндетті түрде қамтамасыз ету керек. Бұл құқық оған рольдің психикалық суретін айқындауда ішкі қимылды, рухани белсенділікті береді». Ұлы театр реформаторының бұл сөзі көркемсөз оқушыға да тікелей қатысты.

Көркемсөз шебері – өмірдегі өнер ұғымында өзіндік ерекше орны бар мамандық. «Көркемсөз оқу өнері – кең, қиын және ауыр өнер» [2, 159 б.]. Көркемсөз оқу өнерінің негізіне актер өнері де жатады. Бірақ, актер жалғыз өзі бір кеште үш немесе одан да көп рольдерді бірден ойнай алмайды, ал көркемсөз оқушы сол көріністегі басты және қосымша да рольдердің барлығын ойнап шыға алады. Ол үлкен де, кіші де, әйел немесе еркек те бола алады. Көркемсөз оқу өнерінің ең маңызды қырының бірі, ол шығармадағы әрбір кейіпкерді тірілтіп, олардың әр сөзіне жан бітіріп, тыңдаушысының жанына, жүрегіне жақындай түсіп, көркемдік және идеялық жағынан әсер етуі керектігі.

Сөзге «жан бітіру» дегенді түсініп көрелік. Мысалы: әріптердің әртүрлі орналасуы көптеген сөздердің құралуына септігін тигізеді. Ал, сол сөздердің орналасу тізбегі сөйлемді құрап, ол ойлар мен бейнелерді туғызады. Авторлар болса, бір ғана сөздік құрамды пайдалана отырып, әр сөзге «өмір» береді. Ал, сол сөздің өмірін көркемсөз шебері материалмен толық танысып, өзіне айқындап алу керек. Көркемсөз оқушының жұмыс барысындағы «жан бітіру» процессінде автордың сөзге «өмір» беру процессімен сәйкес келсе, керемет өнер туары сөзсіз. Бұл ең алдымен орындаушының өз алдына қоятын талаптарының бірі болуы керек.

«Адамға сөз өзін – өзі қанағаттандыру үшін емес, өз ойын, сезімін, шындықтың үлесін және шабытты іске асыру үшін берілген. Сахна өнерінің құдіреті де, қасиеті де – тіл. Сахна төрінде тұрып сөйлей білу ол үлкен өнер, үлкен жетістік. Сахна төрінен айтқан сөз әр көрерменнің құлағынан кіріп, жүрегінен орын алу керек. Сөз – желмен бірге ұшқан ойыншық шар емес. Бұл жұмыс қаруы: ол белгілі ауыртпалықты көтеру керек» - деген жазушы, журналист В.Г.Короленко. Ал, ол үшін әрбір сөздің мән-мағынасымен қатар оның табиғатын танып білу керек. Әр айтылған сөз арқылы залдағы әр көрерменнің тұла бойын тебірентіп, көңіліне мұң түсірердей немесе көкірегіне нұр төгердей сәулелі сөйлей білуді көркемсөз шеберлері үйренуі тиіс.

Қалай ойлайсыздар, бір адамның дауысымен бүкіл оркестрдің дауысын беруге бола ма, басқаша айтқанда, бір дауыстан бірнеше дауысты естуге бола ма? Біріншіден, естуге болады. Екіншіден, есту керек. Ол үшін көркемсөз оқушы ең алдымен бірнеше мінез-құлықты жадында ұстауы керек. Бұл бірнеше характер, яғни, бірнеше мінез-құлық оркестрде әр түрлі дауыста болады. Оның бірлігі, гармониялық дыбысталуы симфонияны құрайды.» [2, 223б.] «Актер – оркестрде ойнайтын солист, ал көркемсөз оқушы – бүкіл, біртұтас оркестр. Ол бүкіл картинаны сөзбен бейнелеуі керек, одан қиыны жоқ» - деген белгілі француз драматургі. Әрине, «актер – солистің» міндетті түрде айқын бейнесі болу керек.

Сол үшін, сөзбен жұмыс істеуге қажырлы еңбек керек. Бұл ретте қажетті материалдар ретінде көбінесе прозалық көркем шығармалар қолданылады. Көркемсөз сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда тек драмалық емес, сонымен қатар әдеби көркем шығармаларды да пайдалануға болады. Көркемсөз өнерін меңгеру үшін алдымен қазақ әдебиеті, содан кейін басқа ұлттардың және шетелдің әдебиеті қолданылады. Әңгімелер мен поэмалардан, романдар мен повестерден, лирикалық өлеңдерден үзінділердің барлығы көркем шығармалармен жұмыс істеу үшін нақты материалдар болып табылады. Олардың жанрлары да, тақырыптары да әр түрлі бағытта болуы мүмкін. Мысалы: драма, трагедия, комедия сонымен қатар, патриотизм, адамның жеке немесе қоғамдық өмірі жайлы, оның ішкі жан дүниесінің түрлі жақтарын ашу болып келуі де мүмкін. Қандай шығарма болмасын, ең бастысы мәтінді таңдау барысында әдеби материалдардың көркемдік деңгейі өте жоғары болуы шарт.

Шығарманың идеясын түсініп, оның маңыздылығын тыңдаушысына сол қалпында жеткізу көркемсөз шеберінің негізі болып келеді. Идея – жазушының өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ой, сол өмір құбылысына деген көзқарасы. Анығырақ айтқанда, жазушы өзі суреттеп отырған өмір құбылыстары арқылы оқырман назарын неге аударса, қайда бағыттаса, сол идея болып табылады.

Шығарманың идеясын түсіне білу және сезіну, мәтіннің философиялық, азаматтық мән-мағынасын айқындау – негізгі ізденіс, басты жұмыс. Бұл ой-өрісті кеңейтіп, қалыптастырады. Берілген материалдарды қоғамдық тұрғыдан бақылауға үйретеді. Өнерде өмірдің дауын, оның қиындығы мен тереңдігін қамтып көрсетуге ұмтылады. Ұсынылған материалды талдай отырып, ол туралы біз өзіміздің білімімізді кеңейтіп, тереңдете түсеміз. Біртіндеп автор жасаған әлемді көз алдымызға елестетіп, ойымызды қалыптастыра бастаймыз. Бұл жерде елестету басты орын алады. Елестету жүйесінде шығарманың ішкі өмірі құрылады. Елестету – ашық, нақты, әрі әртүрлі келеді. Бұл ретте көркемсөз шеберінің өмірлік тәжірибесінің өзіндік көмегі ерекше болады. Елестету тізбегін құру өз танымы мен қызығушылығының көлемін кеңейтуге талпындырады. «Елестету бұл табиғи құбылыс болып табылады. Кейбір актерлерде елестету процесстері тапшы болғанмен, көпшілігінде жеткілікті. Сондықтан да елестету қабілетін жетілдіріп, жандандыру үшін актерге көп тер төгіп, талмай еңбек етіп, көптеген жаттығулар жасауға тура келеді. Елестетусіз сахнада орындалған рөл – жағасыз тігілген көйлекпен тең» [2, 16 б.].

Талқылау. Көркемсөз шебері әрдайым шығармашылық ізденіс үстінде болуы керек. Сондықтан, көркемсөз шеберлеріне жүктелген міндеттер өте көп. Шығармашылық ізденіс нәтижесінде ғана, кейіпкердің жан-дүниесін сезгенде ғана өз көрерменін толғандыра алады. Ол үшін көркемсөз шебері ата-балаларымыз, ақын-жазушыларымыз, шешен-көсемдеріміз бен батырларымыз, данагөйлеріміздің жазған өлең-жырлары, нақыл сөздері, шешендік сөздерімен таныс болуы керек. Көркемсөз шеберлері сол асыл сөздерді өз игілігіне пайдалана білуі керек. Осы ретте, көркемсөз оқушы төменде ұсынылған материалдар арқылы мәтінді меңгеру, идеялық мағынасын түсіну, көз алдына елестету, ұсынылған тосын жағдайды меңгеру жолдарын үйрене алады.

Көркемсөз шебері драматург ойымен үйлесім таба алса, ол ғаламат туындыға айналары сөзсіз. Тек сол сәтте ғана ақынның сөздері көркемсөз оқушының өз ойынан шыққандай әсерге бөлеп, сахнада көркем шынайылық пен нағыз өнер туады десе болады. Осы туралы сахна саңлағы актер-режиссер Т.Жаманқұлов: «Әр драматург театрға, әрине, өзінің шығармасымен, идеясымен, білімімен келеді, актер де сондай. Оның өзіндік дүниетанымы, айналасының табиғатына көзқарасы бар. Автордың ойын бірден түсінуге, оны одан әрі өрбітуге ұмтылған жөн, актер өзінің ақылы мен тең суреткерлік қарымы арқылы драматург пен театр қайраткерлерінің арасындағы өзара ұғынысу процесіне ықпал етуі абзал, сонда ғана таза өнер туындайды, спектакльдің жарыққа шығуы шын суреткердің шын қуанышына айналады» [3, 147 б.]. Демек, көркемсөз шеберлері драматург жазған мәтіннің әр сөзін өзінің

жүрегінен, ішінен шыққан жан дауысына, ішкі түйсігіне бағындырып, өзі айтқанын естіп, яғни түсініп айтуы керек. Егер көркемсөз оқушы өзін-өзі естімесе, демек оның дарыны ұйықтап жатыр деген сөз.

Сонымен, «сөз – киелі сахнаның сұлу сәулетті ғұмырнама ғимараты, спектакль деп аталатын күрделі дүниенің тас табалдырығы мен қыш қабырғаларынан қалайтын рухани әлем» [4, 247 б.] болып табылады.

Көркем сөз – көрікті ойдың көркем көрінісі болса, онда құнды сөз құнарлы ойдан ғана туады. Демек, сөз бен ойдың бірлігінің өмірлік нәрі – тіл. «Тіл тағдыры-ел тағдыры», «Сөз қадірін білмеген-өз қадірін білмейді» деген мақал – мәтелдер қазақ халқының асыл мұрасына айналды. Тіл байлығы елдің елдігін, ерлігін, ғылымын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің қандай дәрежеде тұрғанын көрсетеді.

Көркемсөз оқушы алдымен бір шығарманы таңдап, оқи бастайды. Әңгіменің мәтіні арқылы кейіпкерлерімен танысады. Әрбір жаңа сөйлем әңгіменің қызығына батырып, ары қарай не болады деген сұрақтарды туындатады. Сөйтіп, ол шығарманы асқан қызығушылықпен оқып, талдап, нақты мәнісіне жетеді. Мұндай танысу өз кезегінде шығарма мәтінін меңгеруге септігін тигізеді. Мысалға Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романынан үзінді келтіріп көрелік.

«Соғыстан кейінгі бейбіт бірінші жаңа жыл келе жатты. Жаңа жыл қарсаңында жұрт туған-туыс, жора-жолдастарына ашық хаттар жолдасып, асығыс телеграммалар жөнелтісіп, құттықтаулар қабылдасып, маз-мейрам бола бастады. Осы кезде ауылдары астанаға жақын студенттер деканаттан жалынып жүріп рұқсат алысып үйді-үйіне кетісіп жатты.

Жаңа жыл қарсаңындағы соңғы лекциялардың аралығында Меңтай маған:

- Ағай, ертең жаңа жыл ғой, сіз елге қайтпайсыз ба? – деп сұрады.

Мен басымды шайқадым.

- Егер ешқайда бармасаңыз, - деді қыз маған қайта бұрылып, - ертең біздің бөлмеге келуіңізді сұраймын, ағай. Қасымдағы қыздардың барлығы кетіп қалды. Күні бойы елегізіп, бір бөлмеде бір кісінің отыруы қиын сияқты.

- Жарайды, - дедім әлденеге жүрегім дір ете қалып. – Бірақ мен сіздердің мекендеріңізді білмеймін ғой.

- Ә, солай ма еді? Сіз әлі жатақханаға бір рет барып көрген жоқсыз ба?

- Жоқ. [5, 173 б].

Романның басты кейіпкерлері Ербол мен Меңтайдың арасындағы осы диалогтағы үзіндіден кейін оқушының көңілінде екеуі кездесе ме, жоқ па деген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтар, әрине, өз кезегінде егер кездессе, олар не жайында әңгімелесті, болашақтарын қалай болжады, егер кездеспесе не себеп болды деген секілді сан алуан сұрақтар жалғасып, туындайтыны сөзсіз.

Көркемсөз оқушы романды оқи келе Ербол мен Меңтайдың қосылғанының куәсі болады. Алайда олардың тағдырының жалғасы не болады, армандаған мақсаттарына жете ала ма деген сұрақтар мазалайды. Міне, осындай асқан қызығушылықпен талғампаздықпен, ынтамен оқылған шығарма мәтінін меңгере алған көркемсөз шебері көрерменінің көңілін таба алады.

Сонымен қатар, көркемсөз шебері шығарманың идеясын түсініп, оны көрерменіне жеткізе білуі керек. Ол үшін жыраулардың өлең жолдарына көз жүгіртсек.

XV ғасырда өмір сүрген жырау, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған "дала философы", Асан Қайғы:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,

Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.

Бұл өлең жолдарында ақын кекшіл болмай, кешірімшіл болуды үйретеді.

Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтып жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.

Сонымен қатар, өмір сүру үшін өзімшіл болма, бір-біріне деген көре алмаушылық сезімі болмасын, қандай жағдай болмасын сабырлы, байсалды бол, ол үшін асқан ақылдылық керек деп ескертеді.

Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу - дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!.. [6, 56 б].

Қашан да ашу дұшпан – ақыл дос екендігін айтады. Ашудың емес, ақылдың жетегінде жүрсең ғана адал боласын дегенді меңзейді.

От тілді, орақ ауызды Марғасқа жырау қазақ поэзиясында жауынгерлік рухты жырлап, көне дәстүрді жалғастырушы. Ол өзінің «Ей, **Қатағанның** хан Тұрсыны» атты өлеңінде Ташкент ханының қазақ ауылына опасыздықпен шабуыл жасағанын, жазықсыз жандарды қырып-жойғанын бетіне басып, оның қаталдығы мен жауыздығын суреттеген.

Өлеңнің әр жолын оқи отырып, әр адам тарих беттеріне үңіліп, ата-бабасының тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сол арқылы шығарманың нақты идеясын табуға болады. Ақын-жыраулардың өлең жолдарында өздері өмір сүрген кезеңнің көрінісін көз алдымызға әкеледі.

К.С.Станиславскийдің «Дикция ақауы тілде емес, қиялда түзетіледі» - деген сөзі көркем мәтінмен дұрыс шұғылдану техникалық дағдының қалыптасуына барынша көмектеседі, осы бағытта жұмыс істеудің нақты бағыт-бағдары болса керек.

Көркем мәтін – автордың ниетіне, оның ойына зер салып үңілуге болатын бірден-бір жол. Мәселен: Абайдың «Білектей арқасында өрген бұрым» деген өлеңін алайық:

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? [7, 32 б].

Ақынның бұл өлеңін оқыған кезде, көркіне көз тоймайтын сұлу қызға деген ынтығын мен махаббатын байқаймыз. Абай жүрегінің қылын шертер ару қызды осылай елестеткен болар. Абай өлеңінің әр жолында қиялындағы ару қыздың көркі мен сымбатына оған деген ақынның ынтызар сезімі сезіліп тұр. Бұл өлеңді көркемсөз шебері оқу алдында өзіне бірнеше талап қоюы тиіс. Ұлы ақын Абайдың жүрегін тербеп, қаламының ұшынан туған бұл өлеңді көркемсөз оқушы өз қиялындағы сұлу қызды көз алдына елестете отырып, терең сезіммен, әр

сөзін нақышына келтіріп, таза дикциямен орындауы керек. «Сахнада елестету өз алдына жеке дербес өмір сүрмейді. Ол қиялмен қоректенеді» [2, 19 б.].

Қиялдана отырып елестету арқылы ой бір-бірімен жалғасып, өз орындарын толықтырып отырады. Қиял – құпия құбылыс. Сахнаға шыққан көркемсөз шебері қиялдап, болған оқиғаны көз алдына елестетіп жұмыс жасауы тиіс. Сол кезде ғана, көркемсөз оқушы осындай шешім талаптарын орындаумен, ақынның жүрегіндегі ойды көрерменге жеткізе алады.

Ал, енді, ұсынылған тосын жағдайларды меңгеру жолын қарастырайық:

Көркем мәтінді меңгеру барысында ұсынылған тосын жағдайдағы іс-әрекетті көз алдына елестету көркемсөз шебері үшін өте маңызды. Сахнаға қадам басқан көркемсөз оқушының кез келгені, алдына; егер де драматургтың ойдан шығарған дүниесі шындық болып шықса, мен не істеуім керек деген сұрақ қоюы шарт. Өйткені, сырт көзге осы сұрақтың қойылуына еш себеп жоқ болып көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнінде айналасын қоршаған дүние – ақиқат емес ойдан шығарылған шарттылық екенін көркемсөз шебері білуі керек. «Сахна – нағыз өмірдің өзі емес – айнасы, солай бола тұра суреткер үшін өмірдің өзіндей болып көрініп, солай бағалануы тиіс.»

Міне, сахнадағы өмір дәл осы шарттылық шындығына сенім артқан. Мәселен, бір кейіпкер бейнесіне ену үшін, сиқырлы «егер де» сөзін пайдалану керек деген ұғым бар. Сонымен қатар, көркемсөз шеберінің сөз саптау сәтінде де «егер де» ұғымы автордың сөз астары мен ішкі ойын ашуға жәрдемдеседі деп есептеген. Көркемсөз шебері ойдан шығарылған автор дүниесіне мықтап сеніп, ол жердегі әрбір ойды «егер де» ұғымымен дамытып отыру керек.

Қорытынды. Мақаланың зерттеу нәтижесі бойынша мынандай тұжырым жасалды.

- Көркемсөз оқу шеберлігі сахна тілі жүйесіндегі сөз өнерін өркендетуге зор мүмкіндіктер беретін зерттеу нысаны екеніне көзіміз жетті;

- Демді толық пайдалана отырып, дауыс сұлулығын дұрыс қолдана білу, тіл тазалығын ұстартып әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу – көркемсөз оқушының кәсіби деңгейде қалыптасуының негізі екенін айқындадық;

- Әр түрлі жанр мен стильдегі көркем мәтіндерді сәтті таңдап, талдап, тыңдаушы-көрерменіне жеткізе білу, бейнелі-ойлау қабілеттілігін арттырып, сөзбен әрекет ете білу көркемсөз оқушының жеке тұлға ретінде кәсіби өсуіне оң септігін тигізетінін аңғардық.

- Көркемсөз оқушының сөйлеу техникасын шыңдауға фольклорлық шығармалардың қолданылуы көркемсөз шеберлеріне дұрыс тыныс алу техникасын үйретуде, дауыс сұлулығын құбылтып дұрыс бағыттау сырын ұғындыруда, артикуляциялық алымдылық, дикциялық тазалық мәселелерін түсіндіруде таптырмас перспективалық қисынды құрал екенін анықтадық.

Қорыта айтқанда көркем мәтінді талдау барысында көркемсөз оқушы шығарманың идеясын түсіну, мәтінді меңгеру, қиял мен көз алдына елестету, ұсынылған тосын жағдайларды меңгеруді игереді. Сонымен қоса, ғасырлар бойы бабаларымыздың қанымен бойымызға дарыған, Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін биік деңгейде көтеру – өнер иелеріне, соның ішінде актерлер мен көркемсөз шеберлеріне тікелей байланысты. Өйткені, әлемдегі үлкен өзгерістердің барлығы тілімізге жағымды, әрі жағымсыз әсер етуде. Қазір ел-жұрттың санасы интернет, компьютер тіліне ауысып кеткендіктен, екеуара сөйлескенде, әңгімелерін тыңдап қарнын ашады. Тіпті, артистердің өздері театр сахнасында диалект сөздер қолданып, нәрсіз тілмен сөйлей бастаған.

Көркемсөз шебері өз сөзі арқылы көрермен санасын оятады, намысын қамшылайды.

Ой, сөз, тіл – көркемсөз шеберлері мен өнер адамдары атқарар тынымсыз еңбектің қайнар көзі, сарқылмас байлығы болып табылады. Сөзді зерттеу, оның мағынасын, астарын, мәнін аша отырып, түпкі төркінін тапжылтпай тану оңай шаруа емес.

Сөз – қуанышты да, қайғыны да, жақсы – жаманды да жылт еткен үміт отын жағатын да, қараңғы түнекке қамайтын да құрал. Орнымен пайдаланбаса орға да жығады. Атам қазақ

«Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» - дейтін мұндайда. Сөз – жүректің қылын шертер нәзік саусақ, құмарын қандырап хош иіс, шөлін басар тәтті су болуы да, қарс айырап қанжар, өзекті жарар өксік, көмейді бітер тас болуы да бек мүмкін.

Көркемсөзбен шұғылдана білу тіл техникасының қалыптасуына да барынша жақсы әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
2. Көркемсөз оқу шеберлігі: Оқу құралы./Д.Тұранқұлова – Алматы: Білім, 2016. – 234 б.
3. Әл-Тарази Тұңғышбай. Сөз (ғылыми-теориялық зерттеу). Т.І. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 272 б.
4. Байсеркенов М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 253 б.
5. Нұршайықов Ә. «Махаббат қызық мол жылдар» – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 б.
6. Мағауин М., Байділдаев. / «Бес ғасыр жырлайды», 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 бет, суретті.
7. Құнанбаев Абай. Екі томдық шығармалар жинағы/ «Өлеңдер мен поэмалар» - Алматы: Жазушы, 1986.

References:

1. Nazarbayev N. "Orientation to the future: modernization of public consciousness"
2. Art reading skills: a manual / D. Turankulova. – Almaty: Education, 2016 – 234 p.
3. "I Don't Know,"He Said. Word (scientific and theoretical research) T. I. – Almaty: Nurly Alem, 2008 – 272 p.
4. Baiserkenov M. Stage and actor. – Almaty: Native language, 1993. – 253 p.
5. Nurshayikov A. "Mahabbat Kyzyk Mol zhyldar". – Almaty: Atamura, 2002 – 320 p.
6. Magauin M., Baidildaev M. / "Five centuries sings", Volume 1. – Almaty: writer, 1989. – Vol. 1. – 384 pages, illustrated.
7. Kunanbayev Abay. Collection of works in two volumes/ "Lyrics and poems" – Almaty: 1986.

МРНТИ 17.81.99

10.51889/1728-7804.2023.14.1.007

Славина В.В.¹

¹Гомельский государственный университет имени Ф. Скорины
Гомель, Беларусь

¹Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К. Сатпаева, Алматы, Казахстан

¹аспирант, старший преподаватель, E-mail: volyasna@gmail.com

“ЗАПИСКИ ИЗ ПОДПОЛЬЯ” Ф.М. ДОСТОЕВСКОГО КАК ДЕТЕРМИНАНТ КРИТЕРИЕВ ПРАВСТВЕННОСТИ

Аннотация

Во время интенсивного развития информационных технологий актуализируются поиски новых возможностей интерпретации классических образцов русской словесности, их представления в медийном пространстве. В частности – свежего прочтения художественного произведения “Записки из подполья” Ф. М. Достоевского. Отражено исследование способов интерпретации литературного первоисточника в контексте интермедиального ресурса и кинотрудов, основой которых является повесть. Применяются описательный (исследование повести “Записки из подполья”), сравнительный (исследование кинопродуктов) методы. Автор